



010000, Nur-Sultan qalasy,
Esil aýdany, Máńgilik El dańǵyly, 8-úı,
“Ministrlikter úıı” ǵımaraty, № 15 kireberis
tel: 8(7172) 74 01 07, faks: 8(7172) 74 04 54
e-mail: kense@mcs.gov.kz

010000, город Нур-Султан,
Есильский район, проспект Мәңгілік Ел, дом 8,
здание “Дом министерств”, подъезд № 15
тел.: 8 (7172) 74 01 07, факс: 8 (7172) 74 04 54
e-mail: kense@mcs.gov.kz

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)

2019 жылғы 30 қазандағы
№ДЗ-160 хатқа

Құрметті депутаттар!

Өңірлердегі Тілдерді дамыту басқармалары мен тілдерді оқыту орталықтарына қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

Еліміздің тіл саясаты «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Жергілікті атқарушы органдар тіл туралы заңның сақтауын бақылауды жүзеге асырады, заңнамада белгіленген талаптардың бұзылуын жою туралы ұсынымдар береді, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген негізде және тәртіппен әкімшілік ықпал ету шараларын қолданады, мемлекеттік тілді және басқа тілдерді дамытуға бағытталған шаралар кешенін атқарады және өңірлердегі ономастика комиссияларының қызметін қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ өңірлермен тіл саясатын іске асырудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы мен Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына 2025 жылға дейін кезең-кезеңмен көшіру жөніндегі іс-шаралар жоспары жүзеге асырылуда. ҚР Үкіметінің «Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару базалық құрылымын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» 2013 жылғы 18 маусымдағы № 608 қаулысына сәйкес жүктелген міндеттерді атқару үшін жергілікті атқарушы органдардың құрылымында тілдерді дамыту басқармалары қарастырылған.

Бүгінгі күні 9 өңірде Тіл басқармалары дербес құрылым ретінде жұмыс жасайды, қалған 8 өңірде тілдерді дамыту жөніндегі міндеттерді ішкі саясат басқармалары (*Ақмола және Қызылорда облыстары*), мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармалары (*Шымкент қаласы, Маңғыстау және Павлодар облыстары*), мәдениет басқармасы (*Түркістан облысы*), тілдерді дамыту және архив істері басқармасы (*Нұр-Сұлтан қаласы, Солтүстік Қазақстан облысы*) атқарып келеді. Алматы қаласында тілдерді дамыту мәселелерімен әкім аппаратының Тілдерді дамыту және латын әліпбиіне көшу орталығы айналысады.

Жоғарыда аталған қаулыға сәйкес жергілікті атқарушы органдардың құрылымын **өңірлердің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктерін ескере отырып**, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың әкімдері анықтайды.

Осы ретте, әкімдіктер Тілдерді дамыту басқармаларының басқа құрылымдарға қосылуы **өңірлердегі тілдерді дамыту саласындағы қызметіне әсер етпейтінін** жеткізіп отыр.

Оқыту орталықтарына қатысты.

Республика бойынша жергілікті жерлерде 99 мемлекеттік тілдерді оқыту орталықтары (бөлімшелерін қоса алғанда) және «Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ғылыми-практикалық орталығы» КЕАҚ жұмыс жасайды.

Алайда, Алматы қаласы, Атырау, Маңғыстау және Батыс Қазақстан облыстарында мемлекеттік тілдерді оқыту орталықтары жоқ.


Алматы қаласы оқыту курстарын ұйымдастыруды мемлекеттік сатып алулар арқылы, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс арқылы **жеке оқыту орталықтарына беру жолымен** жүзеге асырылып отыр. Атырау облысында «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы облыс әкімі аппаратының «Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнымен біріктірілген.

Осы ретте, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңының 4-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының барша азаматтарының мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруіне қажетті жағдайлар жасалғанын және аталған жұмыстар алдағы уақытта өз жалғасын табатын болады.

Министр

А. Райымқұлова

 А.Көкенова,

 74-99-11,87076660167